



ҚАЗАҚСТАН ОПЕРА ЖӘНЕ БАЛЕТ ТЕАТРЫ СЦЕНОГРАФИЯ ӨНЕРІНІҢ НЕГІЗІН ҚАЛАУШЫСЫ- АНАТОЛИЙ НЕНАШЕВТЫҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫ

МРНТИ 18.45.15

Жаңбыршиева А. О. ¹

¹Қазақская Национальная Академия искусств
им. Т. К. Жургенова,
(Алматы, Қазақстан)

ҚАЗАҚСТАН ОПЕРА ЖӘНЕ БАЛЕТ ТЕАТРЫ СЦЕНОГРАФИЯ ӨНЕРІНІҢ НЕГІЗІН ҚАЛАУШЫСЫ- АНАТОЛИЙ НЕНАШЕВТЫҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫ

Аңдатпа:

Бұл мақалада автор белгілі театр суретшісі Анатолий Иванович Ненашевтің шығармашылығын қарастырады. Қазақстан астанасы Алматы қаласында 1934 жылдың 13 қаңтарында кәсіби қазақ музыкалық театрының пердесі алғаш рет М.Әуезовтің «Айман-Шолпан» музыкалық спектаклімен ашылды. А.Ненашев Қазақстанның ұлттық сценография өнеріне көп үлесін қосқан театрдың ең алғашқы қоюшы-суретшінің бірі болды.

Осы театрда отыз жылдан астам шығармашылық қызмет атқарған Ненашев қазақ, орыс және батыс еуропа классиктерінің ондаған декорацияны безендірді. Ең бастысы, оның «Қыз-Жібек», «Ер-Тарғын», «Біржан және Сара» және тағы басқалар сияқты қойылымдардың сахналық көрінісін көркемдік безендіруге ерекше үлес қосты.

Тірек сөздер: Сценография, нобай, декорация

Тірек сөздер: Сценография, нобай, декорация

Кіріспе

Қазақтың мемлекеттік Абай атындағы академиялық опера және балет театры қазақ өнерінің көне көз шаңырағы болып табылады. Опера және балет театры 1934 жылдың 13 қаңтары күні, Мұхтар Әуезовтің либреттасы бойынша қойылған «Айман-Шолпан» музыкалық спектаклімен ашылды. Иван Коцых

өңдеген халық әндерімен, күйлерімен өрнектелген алғашқы музыкалық қарлығаштың көрермендер үшін әсері керемет еді. Спектакль күн құрғатпай жүз күн қатар жүрді. Бұл театр жайлы жаңалық хабар елге тез-ақ тарап, көрермендердің көңілінен шыға бастады.

Алғашқы спектакльдің аса табысты өтуімен шабыттана түскен, ешқандай

кәсіби білімі жоқ әнші-актерлер, тума режиссерлер шығармашылық жаңа қуатпен театрдың опералық репертуарын жасауға кірісті.

«Алғашқы спектакльді сахнаға шығарудың бізге қаншалықты қиынға түскенін, қаншама еңбек, күш-жігер жұмсағанымызды айтып жеткізу қиын, - деп еске алады Қанабек Байсейітов өзінің «Құштар көңіл» атты кітабында, - Демалыссыз- үзіліссіз күнде сахнаға шыққан біз 15 мамырға дейін «Айман-Шолпанды» жүз рет қойдық. Қала жұртының әңгімесі тек қана «Айман-Шолпан» болды. Күндіз бе, түнде ме қаланың әр түкпірінде, дүкендерде, қала транспортында ма, әйтеуір жұрт пьеса оқиғасын талдап, қай артистің қалай ойнағаны жөнінде пікірлесіп, спектакльден әндер айтып жүргеніне куә болдық» [1, б. 3]. Бұл қазақ халқының музыка тарихында үлкен орын алатын орасан зор оқиға болып, онда ролдерде ойнаған актерлердің барлығының да есімі мәңгілік тарихта өшпестей болып қазақ музыка мәдениетінің біртуар өнер иелері болып қалды. Соның ішінде, атап айтқанда, Күләш Байсейітова, режиссер Жұмат Шанин, әнші және режиссер Құрманбек Жандарбеков, әнші, режиссер және драматург Қанабек Байсейітов, биші Шара Жиенқұлова, әнші Манарбек Ержанов, суретші Анатолий Ненашев, жазушылар Мұхтар Әуезов, Ғабит Мүсірепов, Сәбит Мұқанов, Бейімбет Майлин, композитор Евгений Брусиловский т. б. өнер майталмандары еді.

А.Ненашев Қазақстанның ұлттық сценография өнеріне көп үлесін қосқан театрдың ең алғашқы қоюшы-суретшінің бірі болды. Әрине, музыкалық театрдың сценографиясының жылдам қалыптасып кетуіне тұңғыш қоюшы-суретші – Анатолий Ненашевтің көп салалы

қызметінің маңызы зор болды. Алғашқы қойылған «Айман-Шолпан» операсы өнеріміздің тарихында құрметті орынға ие болуының себептері де ең алдымен, сценографиялық көркемдігінің жоғары, эстетикалық талапқа сай жасалуынан деп ұққан жөн.

Әдістер

Ненашев Анатолий Иванович 1903 жылы, Тамбов қаласында қызметкердің отбасында дүниеге келді. Суретші Тамбов көркемсурет училищесінің түлегі. Цирк пен театр қойылымдарын жиі көру, жас суретшінің болашақ театр суретшісі болып қалыптасуына зор әсерін тигізді. 1924 жылдан бастап Ненашев суретші-декоратор мамандығымен Тамбов, Козлов, Воронеж театрларында жұмыс істеді. Бұл оның өнерге бағышталған жарқын ғұмырының басталуы еді. Суретші үшін бұл жылдар кәсіптік тәжірибе жинақтау кезеңі болған. Шығармашылығы сценографияның дербес өнер түрі ретінде қалыптасу кезеңіне тап келген суретші қоюшы - суретшінің құралдарын тынбай іздестіруге тиіс болды.

А.Ненашев 1930 жылдан Алматы қаласында тұрып, шығармашылық қызметпен айналысты. 1932 жылы Семей, Шымкент театрларында, 1933 жылдан қазақ музыкалық театрында (қазіргі Қазақтың мемлекеттік академия опера және балет театрында), қазақтың драма театрында, қазақтың балалар мен жасөспірімдер театрында театр суретші қызметін атқарды. Осы жылдардан бастап қазақтың театр өнері тарихында А.Ненашевтің есімі ерекше орын алды. Суретші Анатолий Ненашев 35 жыл бойы опера және балет театрында көп тер төккені, еңбектенгені көптеген қойылымдарында айқын көрінді. Суретшінің шығармашылық

жолы ғажайып тиянақтылық ерекше шеберлігімен ерекшеленеді. Оның алғашқы қойған спектакльдерінің өн бойындағы жеке нақыштары кейінгі қойылымдарда байытылып жинақталған. Шынында да, әр қойылымда шебердің сырбаз күрделілік, құнарлы үрдіс, шығармашылық ұмтылысының санқырлылығы ортаға тартылып жатады. Ал, қойған қойылымдардағы суретші шеберлігінің қасиетін түсіну үшін алдымен оның шығармашылығының негізгі бедерін, «ішкі сырын» анықтау ләзім. Осы тұрғыда суретшінің қазақ қойылымдарын безендіру жұмысы ең мәнді өрістердің қатарынан көрінер еді. Жалпы А.Ненашевтің өнерінің биік шыңы қазақ спектакльдерін көркемдеу арқылы жоғары нәтижеге жетті дей аламыз. Мысалы, А.Ненашев 1937 жылы Парижде болған декорация өнерінің бүкіл дүние жүзілік өнер көрмесінде Е.Брусиловскийдің «Қыз Жібек» опера декорациясының макеті үшін алтын медалі берілді. Осының өзі де сол кездегі қазақ сценографиясының жоғары деңгейде күшті сценография өнері мектебі бар болғанын айтып тұр.

Анатолий Ненашев Абай атындағы мемлекеттік академиялық опера және балет театрындағы көрнекті қойылымдардың сахналық көрінісін көркемдік безендіруге ерекше үлес қосты. Атап айтқанда, Е.Г.Брусиловскийдің «Қыз Жібек», «Ер Тарғын», «Біржан мен Сара», «Қозы-Көрпеш пен Баян-сұлу», «Жалбыр». Батыс еуропа және орыс классикалық декорациялар «Патша қалыңдығы», «Иван Сусанин», «Проданная невеста», «Кармен», «Галька», «Аида», «Гугеноты», «Ромео и Джульетта», «Эсмеральда», «Доктар Айболит», «В бурю», «Пиковая дама» т.б. Суретшінің осы аталған спектакльдерге жасаған сценографиясы

- әр жылдары театр сахнасынан қойылып түспей жүрді. [2, 7 б.].

1934 жылы «Айман-Шолпан» музыкалық қойылымнан кейін, сол жылы қойылған келесі қойылым Е.Г.Брусиловскийдің «Қыз Жібек» операсы. «Қыз Жібек» дастанының тарихы қазақ халқының орта ғасырлық дәуіріндегі көптеген оқиғалармен байланысты, сондықтан да Ненашевке архивтерде жұмыс істеуіне, этнографиялық деректермен танысуына, ұлттық киім үлгілерін іздестіріп, көп уақытын мұражайларда өткізуіне тура келді.

Дискуссия

Суретші эскиздермен жұмыс істегенде ол ескілікті тұрмыс құралдарының суреттерін ғана емес, сонымен бірге шығармашылық шалымы арқылы оның кейбір бөлшектерін де өзі ойлап табатын. Суретшінің суреткерлік міндеті-ғасырлар бойы мазарлар қабырғасында қалшыып қатып тұрған тілсіз суреттерді «сөйлету» болып табылады, Ненашевтің спектакльге жасаған эскиздерін қарастырсақ, тарихи шындықты және сол дәуірдің жанды бейнесін жеткізе алғанын, суретшінің эскизінде бұл мәселелер нанымды шешілгенін көреміз. Суретші тарихи ескерткіштердің формасын, сызықтарын, өрнектерін ала отырып, солардың көмегі арқылы бүгінгі көрермендерге өзінің түсінікті идеясын ұсынды. Алайда, суретшінің ізденуі, оның бүгінгі дүниетанымынан бүгінгі эстетикалық білімнен және бүкіл жаңаны, жан-тәнімен беріле қабылдауынан ұзап кете алмаған. Ненашев спектакльдің эскиз костюмдерін бүгінгі күнгі сұлулық заңымен орындаған, киім, әшекейлер, кейде түстік гамманы толықтырады. Спектакльдің эскиздік костюмдері нағыз

тарихи костюмның қайта жаңғыруына жатпайды, керісінше бұл эскиздер бүгінгі заманның костюмдеріне жатқызамыз. Әрине, тарихи костюмдерді қайта жаңғырту, көптеген танымал театр суретшілеріне ешқашан тәжірибелік нәтиже әкелмеген. Себебі, суретші бүгінгі заманның әсерінен еш жаққа қаша алмайды, бұған А. Ненашевтің «Қыз Жібек» операсына жасаған эскизін қарастырғанда тағы да бір рет көзіміз жетті.

«Қыз Жібек» спектаклінде режиссер жырдың романтикалық сарынын сақтай отырып, лирикалық толғаныстар жасайды. Кейіпкерінің тағдыры жалпы халықтың тағдырымен ұштасып, астарласып кетеді. Махаббат пен зұлымдық, өмір мен өлім, қатаңдылық пен мейірімділік спектакльдің өң бойында қатар жүріп отырады. Адамзат баласына өмір сыйлаған жер-ана, бозбалалар мен бойжеткендер, шаңырағы ортасына түскен ауыл... Бұл спектакльдің жалпы идеясының алғашқы көрінісі. Шығармада режиссердің, актерлер ойынымен суретшінің шеберлігі биік деңгейде үйлесім табады. Актердің іс-қимылы, бет-жүзіндегі әрбір ишарат, көзқарасы арқылы кейіпкерлердің ой мен сезім иірімдерін поэтикалық әрі нәзік психологиялық нақышта дәлдікпен бейнелеуіне әсер етеді [2, 21 б.].

Спектакльде әсіресе режиссер Жібекті қазақ қыздарының махаббат символы етіп көрсеткен. Спектакльдегі Жібек бейнесіне суретшінің де ықпалы тиді десек қателеспейміз. Жібектің бойынан қазақ қызына тән нәзіктік те, батылдық та, ақылды қыз бейнесін көре аламыз. Ол бүкіл адамзатқа, махаббатқа адал қазақ қызын көрсетіп тұр. Жібек бейнесі ешқашан өшпейтін, ел аузында мәңгі бақи сақталып қалатын ұлы бейне.

Актер ойыны, композитордың,

режиссер мен суретшінің шығармашылығы өзара үйлесім тауып, бірін-бірі толықтырып, спектакль мазмұнын байыта түсті. Әсіресе спектакльдің музыка үні және декорацияның бояу нақыштары философиялық толғаныстардың мазмұнын терең сезінуге көмектеседі. Бұл көріністердің эмоциялық әсерін күшейте түседі. «Қыз Жібек» спектаклінде суретші Ненашев өзінің биік деңгейдегі кәсіби өнерін дәлелдейді. Кейіпкерлердің ішкі жан дүниесі сырт киіммен үйлесіп, әрбір кейіпкердің бойындағы қасиетін сол сәттегі табиғат көріністерімен байланыстыра көрсету суретшінің талантты еңбегінің дәлелдейді. [2, 23 б.].

Анатолий Ненашев өзіндік жазу-мәнерімен, өрнек-нақышымен және көркемдік құндылығымен ерекшеленеді. Әсіресе суретшінің салған нобайлары сондай көркем де әсем, поэзияға толы түр-түс сәнділігі, ықшамдылық пен ашық бейнелі шешім Ненашевтің суреткерлік шығармасына тән сипаты. Спектакльді көрмей тұрып-ақ, суретші жасаған эскиздерін қарап көп жайды түсінуге болады.

«Ер Тарғын», «Біржан мен Сара», «Қозы-Көрпеш пен Баян-сұлу» ұлттық спектакльге арналған декорациялар мен костюмдерді жасау жолында А. Ненашев ғаламат жұмыстар атқарды. Оның таусылмас күш-қуатына, еңбекқорлығы мен өз ісіне жанын сала берілгендігіне таңданбай тұра алмайсың. Спектакльдегі хал-ахуалды суретшінің дөп басып, сезіне білгендігі соншалық, кейде тіпті, оның өзі де сондағы кейіпкерлермен қоя-қолтық араласып кеткен жоқ па, деп те қалғандайсың. Спектакльді рәсімдеп, безендіру жөніндегі оның жұмысы әдетте бірнеше сатыдан тұрады. Суретші ең алдымен аңызды немесе либреттоны мұқият, зейін қоя зерттеп біледі, сол

кезең жөніндегі басқа да әдебиеттермен, режиссердің бұдан өзге де ой-мақсаттарымен жан-жақты танысады.

Өнер адамдарының миссиясы - өз дарындылығының күшімен күңгірт әлемге жарық пен қуаныш сыйлау болса, Анатолий Ненашев өзіндік қолтаңбасымен, өзіне ғана тән жазу мәнерімен, ең бастысы ішкі жан-дүниесінің тазалығынан туындаған шығармаларын көрерменге сыйлаған танымпаз, талғампаз суретші. А. Ненашевтің қолтанбасынан қалған көркем мұра қазақ өнері үшін аз олжа емес. Оның қазақ сценографиясының барлық жанрын қамтыған, сол кезеңде өнерімізде көзге түскен көрнекті, қабырғалы театр суретшілерінің барлығының дерлік шығармаларына арқау болған суретшілік ой-толғамдары, көркемдік шеберлігі бүгінгі күні де өз маңызын әсте төмендетпейді. Суретшінің айтуы бойынша «Театр өнері саласында жұмыс істеу – бұл менің өнерім, бұл менің бақытым және менің өмірім!» [4, 32 б.].

Қорытынды

Қорыта айтқанда, А. Ненашев опера және балет театрының сценография өнерінің тұтас ғасырын жасап кеткен дарынды суретші, оның ұлттық тақырыптарға, орыс, батыс еуропалық тақырыпта қойылған қойылымдарға жасаған декорациялары мен эскиздері - қазіргі қазақ сценография өнерінің баға жеткісіз құндылықтары. Опера және балет театрында қарапайым декоратордан бастап, үлкен театр шеберіне дейін өскен Анатолий Ненашев театр ұжыммен бірге осы өнер саласындағы ыстық-суықты бірге көрді. А.Ненашев 1930 – жылдардағы театрлық шығармашылығында әсіресе қазақ спектакльдерін безендірудегі

мақсаты - этнографиялық элементтер, иллюстративті, яғни қазақ халқының тұрмысы мен қазақ халқының тарихи кезеңдерін қайта жаңғыртып көрсету еді. Бұл қойылымдарда қазақтың халық дәстүрін, ою-өрнек, киім-кешегін, киіз үй немесе киіз үйдің құрал жабдықтарын, жасауларды қайта жаңғыртып жасартты. Әрине осындай бағытпен орындаған декорациялар режиссерден, актер ойынынан бөлек, яғни өз бетінше өнер болып қалады, болашақ ұрпақтың осы өнерді оқып-үйренуіне көп ықпалын тигізеді. Ал, 50-жылдары суретшінің шығармашылығы поэтикалық, шынайы, жалпы күрделі міндеттерге негізделді, сонымен қатар спектакльдің мазмұнын ұғу мен оның сырын ашуға талпыныс күшейді.

Жалпы, Анатолий Ненашев қазақ сценография өнеріне ол өзіндік қолтаңбасын қалыптастырып, мамандар мен өнертанушылар тарапынан әділ бағасын алды.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Гринкович Н. Қазақтың Мемлекеттік Абай атындағы академиялық опера және балет театры. – Алматы: Өнер, 1984. – Б. 5–13.
2. Рыбакова И. Анатолий Ненашев // Мастера изобразительного искусства Казахстана. – Алма-Ата: Наука, 1972. – С.123–140.
3. Акимов Н. П. Театральное наследие. – Л.: Искусство, 1978. – 68 с.
4. Львов Н. И. Казахский академический театр драмы. – Алма-Ата: АН КазССР, 1957. – 383 с.
5. Каскеева А. Проблемы становления национальной школы сценографии в Казахстане // Культура-Искусство-Образование: тенденции и перспективы: матер. межд. научно-практ. конф. – Алматы, 2002. – С. 259–265
6. Варшавский Л. Казахский государственный академический театр оперы и балета им. Абая. – Алма-Ата: Наука, 1958. – С. 27.
7. Мессман В. Музыкальный театр казахского народа. – Алма-Ата: Наука, 1961. – С. 112–118.

Жанбыршиева А. О.

Казахская Национальная Академия искусств имени Т. К. Жургенова

Алматы, Казахстан

ТВОРЧЕСТВО АНАТОЛИЯ НЕНАШЕВА – ОСНОВАТЕЛЯ КАЗАХСТАНСКОГО СЦЕНОГРАФИЧЕСКОГО ИСКУССТВА ТЕАТРА ОПЕРЫ И БАЛЕТА

Аннотация.

В этой статье автор рассматривает творчество известного театрального художника Анатолий Иванович Ненашева. В столице Казахстана Алматы 13 января 1934 г. впервые открылся занавес профессионального казахского музыкального театра. Шла веселая музыкальная комедия М. Ауэзова «Айман-Шолпан». Оформлял спектакль молодой художник Анатолий Иванович Ненашев, творческий путь которого с этого момента был навсегда связан с казахским музыкальным театром. Более чем за тридцать лет творческой деятельности в этом театре Ненашев оформил десятки пьес и опер казахской, русской и западной классики, сценических произведений. Наибольшее же значение имеет его работа над созданием декораций для казахских спектаклей. Такие постановки, как «Кыз-Жибек», «Ер-Таргын», «Биржан и Сара» и некоторые другие, ставшие этапными в деятельности театра, явились достижениями и декорационного искусства Казахстана.

Ключевые слова: Сценография, эскиз, декорация.

Zhanbyrshieva A. O.

T. K. Zhurgenov Kazakh National Academy of Arts,

Almaty, Kazakhstan

CREATIVITY OF ANATOLY NENASHEV-FOUNDER OF KAZAKHSTANI SCENOGRAPHIC ART OF THE OPERA AND BALLET THEATER

Abstract

In this article, the author examines the work of the famous scenographer Anatoly Ivanovich Nenashev. In the capital of Kazakhstan, Almaty, on January 13, 1934, the curtain of a professional Kazakh music theater was opened for the first time. There was a cheerful musical comedy by M. Auezov «Ayman-Sholpan». The young artist Anatoly Ivanovich Nenashev designed the play, whose creative path from that moment was forever connected with the Kazakh musical theater. For more than thirty years of creative activity in this theater, Nenashev designed dozens of plays and operas of Kazakh, Russian and Western classics, stage works. Most important is his work on the creation of stage design for Kazakh performances. Such performances as «Kyz-Zhibek», «Er-Targyn», «Birzhan and Sara» and some others, which have become landmark in the activity of the theater, were achievements and decorative art of Kazakhstan.

Keywords: scenography, sketch, decoration.

Автор туралы мәлімет: Жаңбыршиева А. О. — өнертану магистрі, Т. Қ. Жүргенов атындағы Қазақ Ұлттық өнер академиясы, «Бейнелеу өнерінің тарихы мен теориясы» кафедрасының аға оқытушысы. Алматы, Қазақстан
E-mail: aigul.orunbasarovna.17@mail.ru

Сведения об авторе: Жанбыршиева А. О. — магистр искусствоведения, старший преподаватель кафедры «Истории и теории изобразительного искусства» Казахской национальной академии искусств им. Т. Қ. Жүргенова. Алматы, Казахстан
E-mail: aigul.orunbasarovna.17@mail.ru

Author's data: Zhanbyrshieva A. O. - Master of art studies, senior teacher of the «History and Theory of Fine Arts» department at the T. K. Zhurgenov Kazakh National Academy of Arts. Almaty, Kazakhstan
E-mail: aigul.orunbasarovna.17@mail.ru